


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»
Университет ректоры, т.ғ.д., проф
У. С. Мамбетов
Қызылорда «Болашақ»
Университеті _____ 2024ж.



Магистрлік диссертация туралы
ЕРЕЖЕ

Қызылорда 2024 ж

Магистрлік диссертация туралы ереже

1. Қолдану саласы

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінде магистратура бағдарламасы бойынша білім алушылардың орындайтын магистрлік диссертацияның құрылымына, ресімдеу ережелері мен қорғау ісін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің білім беру бағдарламаларында қолдануға міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мыналарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-IV «Білім туралы» Заңы (08.01.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (27.08.2024ж. №419 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.06.2024ж. №307 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (29.04.2024ж. №203 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

3. Анықтамалар, терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

магистратура – ЖОО кейінгі білім, оның білім бағдарламасы тиісті ББ бойынша «магистр» дәрежесін беру арқылы мамандар даярлауға бағытталған;

магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы, өз бетінше зерттеу жүргізуді білдіреді, онда таңдап алынған мамандық саласында ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген өзекті проблеманы теориялық және/немесе практикалық әзірлеу қамтылады;

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

МАК – Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы.

4. Магистрлік диссертацияны орындау тәртібі мен шарттары

1. Магистрлік диссертация бітірушінің ғылыми мазмұндағы біліктілік жұмысын білдіреді, ол таңдалған тақырыптың ішкі бірлігі, жазылу барысы мен жасалу қорытындысынан тұрады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы өзекті болуы және білім беру бағдарламасына, ғылыми жетістіктер дамуының қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес 2 жылдық ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындау қарастырылған.

Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға

ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне (бұдан әрі - Жарияланымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts and Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асырады.

2. Магистранттың Ғылыми жетекшісінің кандидатураларын университеттің Ғылыми Кеңесі қарап, оқуға қабылдағаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға жетекшілік жасау Ректордың бұйрығымен бекітіледі (магистранттарды оқуға қабылдағаннан кейін алғашқы екі ай ішінде).

3. Магистрлік диссертация бітірушіге тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін беруге негіз болып табылады.

4. Магистрлік диссертация келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- магистрлік диссертация қорғалатын ББ-ның негізгі проблематикасына сәйкес болуы;
- өзекті болуы, ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңызды болуы;
- техника мен өндірістің, ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне сүйенуге, нақты практикалық ұсынымдары, кешенді, функцияаралық сипаттағы басқарушылық міндеттердің өз бетінше шешімі болуға;
- компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістеріне сүйенуге;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістерін және озық ақпараттық технологияларды пайдаланып орындалуы;
- қорғалатын негізгі ғылыми/сынамалық-зерттеушілік (әдістемелік, практикалық) бөлімдер болуы;
- тиісті білім саласындағы халықаралық озық тәжірибеге сүйенуі.

5. Магистрлік диссертацияның тақырыптарын бітіртуші кафедра әзірлейді, университеттің Академиялық сапа жөніндегі комитеті қарап, бекітеді, оның құрамы университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6. Магистрлік диссертация тақырыптарының жалпы тізбесі жыл сайын кемінде 30 %-ға жаңартылып тұруы тиіс.

7. Магистрлік диссертация тақырыптары магистрант оқуға қабылданғаннан кейін алғашқы екі ай ішінде Қызылорда «Болашақ» университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен оларға бекітуге ұсынылады. Университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8. Магистрлік диссертация тақырыбы негіздемесімен және құрылымымен, диссертацияның жұмысын аяқтау мерзімі көрсетілген магистрлік диссертация орындау жоспары, ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар (қажет болған жағдайда) жоспары магистранттың жеке жұмыс жоспарында көрсетіледі.

9. Магистрлік диссертацияның Ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертация орындау үшін тапсырма береді;
- магистрлік диссертация орындаудың барлық кезеңіне жұмыстың күнтізбелік кестесін жасауға көмек береді;
- магистранттың ғылыми-зерттеушілік/ сынамалық-зерттеушілік жұмысының бағдарламасын қалыптастырады;
- магистрантқа тақырып бойынша қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтама және архив материалдарын, типтік жобалар мен басқа да дереккөздерді ұсынады;
- кеңес беру кестесін белгілейді, оны жүргізу кезінде магистранттың магистрлік диссертация орындауының күнтізбелік кестесіне ағымды бақылау жүргізеді;

- магистрлік диссертацияның барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіріп отырады;

- магистранттың ғылыми мақалаларын рецензиялайды;

- магистранттың ғылыми (оның ішінде шетелдік) тағылымдамаларын жоспарлайды.

10. Қорғауға шығарылатын магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша ғылыми журналда немесе ғылыми-тәжірибелік (ғылыми-теориялық) конференция материалдарында (салалық бағыттағы) кемінде бір жарияланыммен көрсетілуі тиіс.

5. Магистрлік диссертация құрылымы, мазмұны мен рәсімдеу ережелері

1. Магистрлік диссертацияның көлемі, ереже бойынша, компьютерлік мәтінмен кемінде 80 бет құрайды. Мамандықтардың жекелеген топтары бойынша диссертация көлемі 100 бетке дейін бола алады. Қосымша, түйіндеме, жарияланған әдебиеттер тізімі магистрлік диссертацияның көрсетілген көлеміне енгізілмейді.

2. Диссертация мамандықтың бейініне сәйкес мемлекеттік (немесе орыс) тілінде, сондай-ақ шетел тілдерінде орындалады.

3. Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері болып табылады:

- титуль парақ;

- мазмұны;

- нормативтік сілтемелер;

- анықтамалар;

- белгілеулер мен қысқартулар;

- кіріспе;

- негізгі бөлім;

- қорытынды;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар.

4. Диссертацияның титуль парағы диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі қызметін атқарады.

Титуль парақта келесі мәліметтер келтіріледі:

- диссертация орындалған ұйым атауы;

- диссертанттың тегі, есімі, әкесінің аты;

- жұмыстың атауы;

- ББ коды мен атауы (Жоғары және ЖОО кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші);

- ізделіп отырған академиялық дәреже;

- Ғылыми жетекшінің тегі, инициалдары, ғылыми/академиялық дәрежесі мен ғылыми жетекшінің атағы;

5. Екі және одан көп бөлімдерден тұратын диссертация дайындалған кезде әр бөлімнің өзінің титуль парағы болып, ол бірінші бөлімнің титуль парағына сәйкес болуы және осы бөлімге қатысты мәліметтері бар болуы тиіс.

Титуль парақ 1 Қосымшаға сәйкес рәсімделеді. Титуль парақта қара сиямен немесе тушьпен жазылған диссертанттың жеке өз қолы болуы тиіс.

6. Диссертация мазмұны кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың реттік номері мен атауы (егер олардың атауы болса), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен диссертацияның осы элементтері басталатын бет номерлері көрсетілген қосымшалардың атауын қамтиды.

Екі және одан көп бөлімдерден тұратын диссертация дайындалған кезде олардың әрқайсысында өз мазмұны болуы тиіс. Бұл ретте бірінші бөлімде барлық диссертацияның мазмұнын бөлімдердің номерлерін көрсетіп орналастырады, кейінгілерінде – тиісті бөлімнің тек мазмұны ғана. Бірінші бөлімде келесі бөлімнің мазмұнының орнына тек олардың атауын көрсетуге рұқсат етіледі.

7. «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементінде стандарттар тізбесі болады, оларға магистрлік диссертацияда сілтеме берілген. Сілтемелік стандарттардың тізбесі мына сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі нормативтік сілтемелер қолданылды»:

Тізбеге стандарттардың белгілемелері мен олардың атауын белгілемелердің тіркеу номерлерінің өсу ретімен енгізеді.

8.«Анықтамалар» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда пайдаланылған терминдерді нақтылау немесе айқындауға қажет анықтамаларды қамтиды. Анықтамалардың тізбесі мына сөздерден басталады: «Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды».

9. «Белгілемелер мен қысқартулар» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда пайдаланылған белгілемелер мен қысқартулар тізбесін қамтиды.

Белгілемелер мен қысқартулар жазбасын оларды магистрлік диссертация мәтінінде келтіру ретімен немесе қажетті мағынасын ашумен және түсіндірмесімен алфавиттік тәртіпте келтіреді.

Анықтамаларды, белгілемелер мен қысқартуларды бір «Анықтамалар, белгілемелер мен қысқартулар» құрылымдық элементінде келтіруге рұқсат етіледі.

10. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, осы жұмыстың басқа ғылыми-зерттеушілік/сынамалық-зерттеушілік жұмыстармен байланысы, сондай-ақ зерттеудің мақсаттары, объектісі мен нысаны, міндеттері, олардың жалпы ғылыми-зерттеу(сынамалық-зерттеу) жұмысын орындаудағы орны келтірілуі, қорғауға шығарылған методологиялық базасы, ережелер көрсетілуі тиіс.

11. Диссертацияның негізі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесі мен негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі.

12. Негізгі бөлімде болуы тиіс:

- зерттеу бағытын таңдау, ол зерттеу бағытын таңдауды, міндеттерді шешу әдісін және олардың салыстырмалы бағасын, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің таңдап алынған жалпы әдістемесінің сипаттамасын қамтиды;

- теориялық және (немесе) сынамалық зерттеу процесі, оның ішінде теориялық зерттеулер сипаты мен мазмұны, зерттеу әдістері, сынамалық жұмыстар жүргізу қажеттігін негіздеу, әзірленген объектілердің іс-қимыл қағидалары, олардың сипаттамалары;

- зерттеу нәтижелерінің тұжырымдалуы мен бағасы, ол қойылған міндеттің толық шешілу бағасын және жұмыстың әрі қарайғы бағыттары бойынша ұсыныстарды, алынған нәтижелердің шынайылық бағасын және оларды отандық, шетелдік жұмыстардың осындай нәтижелерімен салыстыруын қамтиды.

13. Қорытындыда болуы тиіс:

-диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдамалар;

- қойылған міндеттердің толық шешілу бағасын;

- нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсынымдар мен бастапқы мәліметтердің жасалуын;

- енгізудің техникалық-экономикалық тиімділік бағасын;

- орындалған жұмыстың ғылыми деңгейінің осы саладағы озық жетістіктермен салыстырғандағы бағасын.

14.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертация жазуда пайдаланылған көздер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Тізім 2 Қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

15. Қосымшаларға орындалған диссертацияға қатысты, бірақ әлде бір себептермен негізгі бөлімге енгізіле алмайтын материалдарды енгізу ұсынылады.

Қосымшаларға енгізіле алады:

- аралық математикалық дәлелдемелер, формулалар мен есептеулер;

- көмекші сандық мәліметтер кестелері;

- сынақтар хаттамасы;

- сынамалар, өлшемдер мен сынақтар өткізген кезде қолданылатын аппаратуралар мен аспаптар сипаттамасы;

- нұсқаулықтар, әдістемелер, диссертациялық жұмысты орындау процесінде әзірленген, компьютерлік техниканың көмегімен шешілетін алгоритмдер мен есептер сипаттамасы;

- көмекші сипаттағы иллюстрациялар (суреттер);

- диссертациялық жұмысты (немесе оның бір бөлігін) ғылыми-техникалық кеңесте қарау хаттамасы;

- диссертациялық жұмыстың нәтижелерін енгізу актілері және т.б.

16. Диссертациялық жұмыс мәтінінің беттері және диссертацияға енгізілген иллюстрациялар мен кестелер А4 форматына сәйкес болуы тиіс.

17. Диссертация компьютер мен принтерді пайдаланып А4 форматтағы ақ қағаздың бір бетіне бір интервал арқылы басылып орындалуы тиіс. Шрифт –TimesNewRoman, кегль-14.

Диссертация мәтінін беттің келесі өрістерін сақтай отырып басу керек: оң жағы - 10мм, үстіңгі жағы - 20мм, сол жағы - 30мм, төменгі жағы - 20мм.

Әртүрлі гарнитура шрифттарын қолдана отырып, нақты терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

18. Диссертация орындау тәсіліне қарамастан басылған мәтіннің сапасы мен иллюстрацияларды, кестелерді, басып шығаруларды рәсімдеу оларды айқын көрсетіп шығару талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

19. Диссертация орындау кезінде барлық диссертация бойынша біркелкі жиілікті, суреттердің контрастілігі мен айқындығын қадағалау қажет. Диссертацияда бұлдыр емес, айқын сызықтар, әріптер, сандар мен таңбалар болуы тиіс.

20. Диссертация дайындау кезінде байқалған жаңылыс жазулар, қателер мен графикалық дәлсіздіктерді тазартып өшірумен немесе ақ бояумен бояп тастаумен және сол жерге түзетілген мәтінді (графиканы) машинаға теру тәсілімен немесе қара сиямен, пастамен немесе қара тушьпен – қолмен жазу тәсілі арқылы түзетуге рұқсат етіледі.

Мәтін парақтарын бүлдіру, бұрыңғы мәтіннің қолмен түзетілген жерлері мен толық жойылмаған іздері болуына жол берілмейді.

21.Магистранттардың тектері, есімдері, әкелерінің аттары, бұйымның атаулары мен басқа да меншік атаулары диссертацияда түпнұсқа тілінде беріледі.

Меншік атауларды транслитеризациялауға және ұйым атауын диссертация тіліне аударып, түпнұсқалық атауын қосып (бірінші айталған кезінде) келтіруге рұқсат етіледі.

22.Диссертацияның «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілемелер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» деген құрылымдық атаулары диссертацияның құрылымдық элементтерінің бас тақырыбы қызметін атқарады.

23.Диссертацияның негізгі бөлімін бөлімдерге, бөлімшелерге және тармақтарға бөлу керек. Тармақтар, қажет болса тармақшаларға бөліне алады. Диссертация мәтінін тармақтар мен тармақшаларға бөлген кезде әрбір тармақ аяқталған ақпаратты қамтуы қажет.

24.Бөлімдер, бөлімшелердің бас тақырыптары болуы тиіс. Тармақтардың, ереже бойынша, бас атаулары болмайды. Бас атаулар бөлімдерді, бөлімшелердің мазмұнын айқын әрі қысқа көрсетуі тиіс.

25.Бөлімдер, бөлімшелер мен тармақтардың бас атауларын жаңа жолдан бос жер қалдырып, бас әріптермен соңына нүкте қоймай, астын сызбай жазу керек.

Егер бас атау екі сөйлемнен тұратын болса, оларды нүктемен бөледі.

26. Диссертацияның беттерін араб сандарымен, барлық мәтіннің өн бойына номерлеуді қадағалап номерлеу керек. Беттің номері төменгі жақтың қақ ортасына нүктесіз қойылады.

27.Титуль парақ беттердің жалпы номерленуіне енгізіледі. Титуль парақта беттің номері қойылмайды.

28.Жекелеген беттерде орналасқан иллюстрациялар мен кестелер диссертация беттерінің жалпы номерленуіне енгізіледі.

А3 форматтағы парақтағы иллюстрациялар, кестелерді бір бет деп есептейді.

29. Диссертация бөлімдерінің барлық жұмыс шегінде реттік номерлері болуы тиіс, олар араб сандарымен нүктесіз және жаңа жолдың басынан бос жер қалдырып жазылады. Бөлімшелер номері әр бөлім шегінде номерленуі тиіс. Бөлімшелер номері нүктемен бөлінген бөлім және бөлімше номерлерінен тұрады. Бөлім номерінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер бөлімшелер сияқты бір немесе бірнеше тармақтардан тұра алады.

30. Егер диссертацияның бөлімшелері болмаса, онда ондағы тармақтардың номерленуі әр бөлімнің шегінде болуы тиіс те, тармақ номері бөлім мен тармақтың номерлерінен, нүктемен бөлініп тұруы тиіс. Тармақ номерінің соңында нүкте қойылмайды.

Мысалы

1 Типтері мен негізгі көлемдері

1.1

1.2 – Диссертацияның бірінші бөлімі тармағының номерленуі

1.3

2 Техникалық талаптар

2.1

2.2 - Диссертацияның екінші бөлімі тармағының номерленуі

2.3

Егер диссертацияның бөлімшелері болмаса, онда тармақтардың номерленуі бөлімше шегінде болуы тиіс те, тармақ номері бөлімнің, бөлімше мен тармақтың номерлерінен тұрып, нүктелермен бөлінуі тиіс, мысалы:

3 Сынақ әдістері

3.1 Аппараттар, материалдар мен реактивтер

3.1.1

3.1.2 - Диссертацияның үшінші бөлімі бірінші бөлімшесі тармақтарының номерленуі

3.1.3

3.2 Сынаққа дайындау

3.2.1

3.2.2 - Диссертацияның үшінші бөлімі екінші бөлімшесі тармақтарының номерленуі

3.2.3

31. Егер бөлім бір бөлімшеден тұрса, онда бөлімше номерленбейді. Егер бөлімше бір тармақтан тұрса, онда тармақ номерленбейді.

32. Егер мәтін тек тармақтарға ғана бөлінетін болса, онда олар барлық диссертациялық жұмыстың шегінде реттік номерлермен номерленеді.

33. Тармақтар, қажет болған жағдайда, тармақшаларға бөліне алады, олардың әр тармақ шегінде реттік номерленуі болуы тиіс, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 т.с.с..

34. Тармақтар немесе тармақшалар ішінде санамалар келтірілуі мүмкін.

Әрбір санаманың алдында дефис қою немесе қажет болған кезде құжат мәтінінің ішінде санамалардың біреуіне кіші әріппен (ё, з, й, о, ч, ь, ы, ь басқа) сілтеме қойылуы керек, әріптен кейін жақша қойылады.

Санамаларды әрі қарай детализациялау үшін араб сандарын пайдалану қажет, олардан кейін жақша қойылады, ал жазбаны жаңа жолдан бос жер қалдырып жазады, ол мына мысалда көрсетілген.

Мысал

а) _____

б) _____

1) _____

2) _____

35. Диссертацияның әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастау керек.

36. Диссертация құрамына енетін диссертация мен қосымшалардың беттерінің номерленуі өн бойына жүруі тиіс.

37.Иллюстрацияларды (сызбалар, графикалар, картталар, схемалар, компьютерлік баспалар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертацияда оларды мәтінде бірінші рет еске алынған жерде тікелей мәтін соңында немесе келесі бетте орналастыру керек.

Иллюстрациялар компьютермен орындалуы мүмкін, оның ішінде түрлі түстілері де.

Барлық иллюстрацияға диссертацияда сілтемелер берілуі тиіс.

38.Диссертация ішінде орналастырылған сызбалар, графикалар, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар, конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (КҚБЖ) мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Сызбалар, графикалар, диаграммалар, схемаларды компьютерлік баспаны пайдалану арқылы орындауға рұқсат етіледі.

39.А4 форматынан көлемі кіші фотосуреттер ақ қағаздың стандартты парақтарына жапсырылуы тиіс.

40.Қосымшалардың иллюстрациясынан бөлек иллюстрацияларды араб сандарымен өн бойына номерлеу керек.

Егер сурет біреу болса, онда ол «1 Сурет» деп белгіленеді, «Сурет» сөзі мен оның атауы жол қатардың ортасына сызықша арқылы жазылады.

41.Иллюстрацияларды бөлім шегінде номерлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда иллюстрация номері бөлім номері мен иллюстрацияның реттік номерінен тұрып, нүктемен бөлінеді. Мысалы: 1.1. Сурет

42.Иллюстрациялардың, қажет болған жағдайда, атауы мен түсіндірме жазбасы бола алады (сурет астындағы мәтін), «Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме мәліметтерден кейін жазылып, былайша орналастырылады: 1 Сурет - Құрал детальдары.

43.Әр Қосымшаның иллюстрацияларын араб сандарымен бөлек номерлеп, сан алдына қосымшаның белгілерін қосып таңбалайды. Мысалы: А.3 Сурет

Иллюстрацияларды 6 Қосымшаға сәйкес рәсімдейді.

44.Иллюстрацияларға сілтеме жасаған кезде өнбойына номерлегенде «2 суретке сәйкес...» деп және бөлім шегінде номерлегенде «1.2 суретке сәйкес...» деп жазу керек.

45. Кестелерді көрнекілік жақсы болуы үшін және көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлы болу үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетіп, нақты әрі қысқа болуы тиіс және кестенің үстіне сол жағына, жаңа жолдың басынан бос жер қалдырмай, өзінің номерімен сызықша арқылы орналастырылады. Кестенің бір бөлігі келесі бетке көшкен кезде бірінші беттегі төменгі жазық сызықты жаппайды, келесі бөлігінің үстіне сол жағына «Жалғасы» деген сөз жазылып, кесте номері көрсетіледі, мысалы: «1 кестенің жалғасы».

46.Кестені диссертацияда ол бірінші рет айтылатын мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастыру керек. Барлық кестелерге диссертацияда сілтеме болуы тиіс. Сілтеме кезінде «кесте» деп жазып, оның номерін көрсету керек. Кестелерді, қосымшалардың кестелерінен бөлек, араб сандарымен өн бойына номерлеу керек. Кестелерді бөлім шегінде номерлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда кесте номері бөлім номерінен және кестенің реттік номерінен тұрып, нүктемен бөлінеді. Әр қосымшаның кестесін бөлек араб сандарымен, санның алдына қосымшаның таңбаларын қосып номерлейді.

47. Ереже бойынша кестелерді сол жағынан, оң жағынан және төменінен сызықтармен шектейді. Кестедегі шрифттің көлемін мәтіндегіден кіші етуге рұқсат етілді (12). Кестенің жол қатарларын шектеп тұратын горизонтальды және вертикальды сызықтарды, егер олардың жоқтығы кестені пайдалануды қиындатпаса, жүргізбеуге болады.

Кестенің төменгі кесіндісі мен мәтін арасындағы арақашықтық 2 «бос» жол қатары болуы тиіс.

Кестені неғұрлым егжей-тегжейлі рәсімдеу ГОСТ 2.105 суреттелген.

48.Ескертпені бас әріппен жаңа жолдан бастап әріптердің арасын ашып жазып, астын сызбау керек. Ескертпені диссертацияда, егер мәтін мазмұнына түсіндірмелер немесе анықтамалық мәліметтер, кестелер немесе графикалық материал қажет болса келтіреді. Ескертпені мәтіндік, графикалық материалдан кейін тікелей немесе осы ескертпенің қатысты бар кестеде орналастыру керек. Егер ескертпе біреу болса, онда «Ескертпе» сөзінен кейін

сызықша қойылып, ескертпе бас әріппен жазылады. Бір ескертпе номерленбейді. Бірнеше ескертпелер араб сандарымен рет ретімен, нүкте қойылмай номерленеді. Кестеге берілген ескертпені кестенің соңында, кестенің аяқталғанын белгілейтін сызықтың үстіне орналастырады.

49. Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға бөліп алу керек.

Әр формуланың немесе теңдеудің үсті мен астынан кемінде бір бос жол қалдырылуы тиіс. Егер теңдеу бір жолға симаса, онда ол (=) белгісінен кейін немесе плюс (+), минус (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе тағы басқа математикалық таңбалардан кейін ауыстырылуы тиіс және де таңбаны келесі жолдың басында қайталайды. Көбейту операциясын бейнелейтін таңбадағы формуланы ауыстырған кезде «x» таңбасын қолданады.

Символдар мен сандық коэффициенттер мәнін түсіндіруді формула астына тікелей, олардың формулада берілген рет-реттілігімен келтіру керек. Формулаларды барлық диссертацияның өн бойына араб сандарымен дөңгелек жақшаға алып, жол қатардың оң жақ шетіне реттік номермен номерлеу керек. Формулаларды бөлім шегінде номерлеуге рұқсат етіледі, онда формула номері нүктемен бөлінген бөлім нөмері мен формуланың реттік номерінен тұрады.

Қосымшалардың ішінде орналасқан формулалар әр қосымшаның шегінде араб сандарымен, әр санның алдына қосымшаны белгілеу таңбасын қосып бөлек номерлеумен номерленуі тиіс, мысалы (B1) формуласы. Формулалар мен теңдеулерді қолмен қара сиямен жазуға рұқсат етіледі.

50. Пайдаланылған әдебиеттерге сілметелерді тік жақшаларға алады. Сілтемені құжатқа тұтастай немесе оның бөлімдері мен қосымшаларына жасайды. Бөлімшелеріне, тармақтар, кестелер мен иллюстрацияларға сілтемелерге рұқсат етілмейді. Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасаған кезде тек олардың таңбалануы ғана көрсетіледі, бұл ретте пайдаланылған әдебиеттердің тізімінде стандарт толық сипатталған жағдайда бекіту жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі.

51. Белгілемелер мен қысқартуларды бағанамен жазып, олардың мәтінде келтірілген ретімен, қажетті мағынасын ашу және түсіндірмесімен келтіреді.

Анықтамаларды, белгілемелер мен қысқартуларды «Анықтамалар, белгілемелер мен қысқартулар» бір құрылымдық элементінде келтіруге рұқсат етіледі.

52. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертация мәтініндегі дереккөздерге сілтеме пайда болған тәртіппен орналасқан және араб сандарымен нүктесіз номерленген дереккөздер туралы мәліметтер болады. Оларды жаңа жолдың басында бос жер қалдырмай жазу керек.

53. Қосымшаларды диссертацияның жалғасы ретінде және оның келесі парақтарында рәсімдейді немесе жеке құжат түрінде шығарады.

Қосымшаның құжаттың қалған бөлімімен бірге беттердің өн бойына жалпы номерленуі болуы тиіс.

Диссертация мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшаларды диссертация мәтініндегі оларға берілген сілтеме тәртібімен орналастырады.

Әрбір қосымшаны жаңа беттен, үстіңгі жағына жол қатардың ортасына «ҚОСЫМША» сөзін, оның белгілемесі мен деңгейін көрсетіп бастау керек. Қосымшаның тақырыбы болуы тиіс, ол мәтінге қатысты симметриялы, бөлек жол қатармен бас әріппен жазылады. Қосымшаларды орыс алфавитінің бас әріптерімен, Е, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ әріптерінен бөлек, А әрпінен бастап белгілейді. «ҚОСЫМША» сөзінен кейін оның реттілігін көрсететін әріп келеді. Орыс алфавитін толық пайдаланған жағдайда латын алфавитінің I, O әріптерінен басқа әріптерін пайдалануға, ал әрі қарай араб сандарын да пайдалануға рұқсат етіледі.

6. Магистрлік диссертацияның жіктелік белгілері

1. Диссертация жеке дара жазылуы, автормен көпшілік алдына қорғауға ұсынылатын жаңа әрі шынайы ғылыми нәтижелер мен ережелері болуы, әзірленген немесе зерттелген теориялық немесе қолданбалы міндеттер аясында жұмыстан алынған нәтижелер арасында байланыс болуымен айқындалатын ішкі бірлігі болуы, автордың ғылымға және/немесе практикаға қосқан

жеке үлесі туралы дәлелдеуі тиіс. Автормен ұсынылған жаңа шешімдер қатаң дәлелденуі және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сыни бағалануы тиіс.

2. Қолданбалы маңызы бар диссертацияда автормен алынған, авторлық куәліктермен, патенттермен және басқа ресми құжаттармен дәлелденген ғылыми нәтижелердің практикалық пайдаланылуы туралы мәліметтер келтірілуі тиіс, ал теориялық мағынасы бар диссертацияда – ғылыми тұжырымдарды пайдалану жөніндегі ұсынымдар келтірілуі тиіс.

3. Магистрлік диссертация Қызылорда «Болашақ» университеті жоспарлы зерттеулерінің бағдарламасына сәйкес орындалуы, мемлекеттік немесе аймақтық ғылыми, ғылыми-техникалық және бағдарламаларға, іргелі немесе қолданбалы зерттеу бағдарламаларына енуі тиіс.

4. Магистрлік диссертацияның нәтижелері келесі деңгейлердің бірінде енгізілуі тиіс (енгізу актілерімен, анықтамалармен дәлелденеді):

- халықаралық;
- салааралық;
- сала ауқымдарында;
- ұйым шеңберінде.

7. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну және қорғау ісі

1. Бекітілген талаптарға сәйкес рәсімделген магистрлік диссертация алдын ала қорғау процедурасынан өтіп, ғылыми жетекшінің пікірін алу үшін болжанған қорғау күніне дейін үш ай бұрын бітіртуші кафедраға ұсынылады. Егер магистрлік диссертация бойынша Ректордың бұйрығымен сабақтас ғылым саласынан ғылыми кеңесші қосымша тағайындалса, онда Ғылыми жетекші мен Ғылыми кеңесшінің пікірлері бір-бірінен тәуелсіз, бөлек дайындалады.

2. Ғылыми жетекші мен ғылыми кеңесшінің пікірлері (бар болса) алдын ала қорғау процедурасынан өткен күннен бастап 10 (он) күн ішінде «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмеді» деген дәлелді қорытындысын көрсетіп магистрантқа беріледі.

Университет диссертацияны диссертация орындалған кафедралардың мәжілісінде кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), сондай-ақ ғылыми жетекші мен ғылыми кеңесшінің (болған кезде) қатысуымен талқылауды қамтамасыз етеді.

3. Алдын ала қорғау процедурасынан сәтті өткеннен кейін, ғылыми жетекші (3 Қосымша) мен ғылыми кеңесшінің (болған кезде) оң пікірлері мен диссертацияны плагиатқа тексеру туралы қорытынды болған кезде диссертант диссертациясын қорғауға ұсынады.

4. Қорғауға қабылданған диссертацияның бір данасын магистрант университеттің кітапханасына қорғауға дейін бір ай бұрын ұсынады және диссертация қорғалғанға дейін сонда қолжазба құқығымен сақталады. Ойдағыдай қорғалғаннан кейін диссертация университет архивіне беріледі.

5. Магистрлік диссертация бойынша ресми оппонент тағайындалады, оның біліктілігі (ғылыми дәрежесі) қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес болады.

Ресми рецензент тиісті:

1) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған магистрант жұмыстарының бірлескен авторы болмауы;

2) диссертация орындалған немесе магистрант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірге орындаушы) болып табылатын жұмыстар жүргізіліп жатқан университет бөлімшесі мен ғылыми ұйымның қызметкері болмауы;

3) МАК мүшесі болмауы.

6. Рецензенттердің кандидатуралары қорғауға дейін 1 ай бұрын бітіртуші кафедраның ұсынысы арқылы Ректордың бұйрығымен бекітіледі, онда ресми оппонентті тағайындау туралы негіздемелер, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы мен жетекшілік ететін магистрлік диссертацияның саласы бойынша негізгі жарияланымдарының тізімі (соңғы 5 жылда кемінде 3 жұмысы) көрсетілген анкеталық мәліметтері және болжанған оппоненттің жазбаша келісімі бар болады.

7. Рецензент магистрлік диссертацияны және диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде, рецензенттерді тағайындау туралы бұйрық

шығарылған күннен бастап 10 (он) күн ішінде жазбаша рецензия дайындайды (4 Қосымша), онда диссертацияға жан-жақты сипаттама береді, таңдап алынған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда түзілген ғылыми ережелер, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізделу деңгейін, олардың жаңашылдығын жан-жақты бағалайды. Рецензенттің рецензиясының түйіндемелік бөлімінде бағасы («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») көрсетілген және магистр немесе тиісті мамандық бойынша ғылым магистрі дәрежесін беру мүмкіндігі дәлелденген қорытындысы берілуі тиіс. Рецензенттің қойған қолы бекітілген тәртіпте куәландырылады.

8. Рецензенттің рецензиясының көшірмесі магистрантқа диссертация қорғауға дейін 10 күн бұрын беріледі.

9. Жоғары мектеп деканы мен диссертант МАК-на келесі құжаттарды ұсынады:

1) магистранттың жеке жоспарды орындағаны, барлық пәндер бойынша алынған бағалары, олардың көлемі, тапсырған практика түрлері туралы жоғары мектеп деканының анықтамасы;

2) магистранттың ғылыми жетекшісінің (Ғылыми кеңесшісінің) пікірі;

3) магистрлік диссертацияның рецензентінің рецензиясы;

4) қатты қағазбен түптелген диссертация;

5) кафедраның оң қорытындысы;

6) диссертацияның тақырыбы мен ғылыми жетекшісін және ғылыми кеңесшісін бекіту туралы Ректор бұйрықтарының көшірмелері;

7) магистрант қол қойған және университеттің Ғылыми кеңесінің хатшысы куәландырған жұмыстар тізімі.

8) диссертацияны университет кітапханасына тапсыру туралы анықтама.

МАК-не ұсынылған барлық материалдардың көшірмелерінің бір данасы университеттің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне өткізіледі.

МАК хатшысы құжаттарды қабылдау жүргізеді.

МАК-не орындалған магистрлік диссертацияның ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, бейресми пікірлер, диссертация бейіні бойынша практикалық қызмет жүргізіп отырған ұйымның жазбаша қорытындылары, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу туралы анықтамалар немесе актілер, материалдар ұсыныла алады.

10. МАК егер пікір көрсетілген талаптарға сай келмесе оны рецензентке қайтаруға немесе диссертация қорғау күнінен кемінде 10 күн бұрын Ресми рецензентті ауыстыруға құқылы.

11. МАК мәжілісі егер оған мүшелердің кемінде 2/3 қатысса, заңды деп саналады.

12. Рецензент пен ғылыми жетекші диссертация қорғауға қатысуға міндетті. Диссертацияға оң баға берген рецензент дәлелді себеппен қатыспаса, айрықша түрде магистрлік диссертацияны қорғау жүргізуге рұқсат етіледі (бұл жағдайда рецензентті кері шақыру МАК мәжілісінде толық жария етіледі). Тағы айрықша жағдайда, оппоненттерге МАК-ң осы мәжілісінде on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөйлеуге рұқсат етіледі.

13. Диссертацияны көпшілік алдында қорғау ғылыми пікірталас сипатында болып, жоғары талапшылдық, принципшілдік пен ғылыми әдепті сақтау жағдайында өтуі тиіс, бұл ретте диссертациядағы ғылыми және практикалық сипаттағы нәтижелер, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізделуі, жаңашылдығы тыңғылықты талдауға алынуы тиіс.

14. Магистрлік диссертацияны/магистрлік жобаны қорғау нәтижелері туралы шешімді МАК жабық мәжілісте, оған қатысқан МАК мүшелерінің көпшілік жәй ашық дауыс беруімен қабылдайды және бекітілген үлгідегі хаттамамен рәсімделеді.

15. Хаттамаға мәжіліске қатысқан МАК төрағасы мен мүшелері қолдарын қояды.

16. Қорғау нәтижелері бойынша МАК теріс шешім шығарған диссертация, теріс шешім шығарылғаннан кейін кемінде бір жылдан кейін қайта өңделген түрде қайтадан қорғауға ұсыныла алады. Қайтадан қорғау кезінде қорғауға жіберудің барлық процедурасы қайтадан жүргізіледі, рецензент ауыстырылуы тиіс.

17. Диссертациялық жұмысты қорғау нәтижелері оларды жүргізу күні жарияланады.

1 Қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

«_____» жоғары мектебі

«_____» кафедрасы

ӘОЖ 539.17.01

АҚЫЛБЕКҰЛЫ ДАНИЯР

Ғылыми жетекшісі:
экономика ғылымдарының докторы,
профессор Б.С.Досманбетов

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 20__ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

«_____» жоғары мектебі
«_____» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
«Филология, журналистика және
тарих» кафедрасының меңгерушісі
_____ Ж.Нұрсұлтанқызы
«__» _____ 20__ жыл

Магистрлік диссертация

АРАЛ Өңірі ежелгі тайпалары мекенінің зерттелуі

7М01601-Тарих білім беру бағдарламасы
(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Магистрант

(қолы) (инициалдары, тегі)

Ғылыми жетекшісі

(қолы) (инициалдары, тегі)

Жоғары мектеп деканы

(қолы) (инициалдары, тегі)

Қызылорда, 20__ ж.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қызылорда «Болашақ» университеті
Білім беру және педагогика жоғары мектебі
Филология, журналистика және тарих кафедрасы

7М01601 – Тарих

«Бекітемін»
«Филология, журналистика және
тарих» кафедрасының меңгерушісі
_____Ж.Нұрсұлтанқызы
«__» _____ 20__ ж

ДИСЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАПСЫРМА

1. Магистрант:

2. Жұмыс тарыбы: Арал өңірі ежелгі тайпалары мекенінің зерттелуі
Жоғары оқу орны бұйрығымен бекітілді. №____, «__» _____ 20__ж.
бұйрығымен бекітілген.

3. Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «__» _____20__ж.

4. Диссертациялық жұмыста қаралу тиіс мәселелердің тізімі немесе жұмыстың қысқаша мазмұны:

5. Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

Диссертациялық жұмысты дайындау кестесі

№	Жұмыстың мазмұны	Орындалу мерзімі	Жетекшінің қолы
1	Тақырыптың таңдалуы, ұсынылуы, тақырыпқа сай материалдар жинау, зерттеу жұмысына тапсырмалар беру		
2	Диссертациялық жұмысының жоспарын ғылыми жетекшімен құру		
3	Диссертациялық жұмысының бірінші тарауын жазу, тексеруге ұсыну		
4	Диссертациялық жұмысының екінші тарауын жазу және тексеруге ұсыну		
5	Диссертация алды іс-тәжірибе жұмыс орнында жинақталған практикалық материалдарды талдау, жүйелеу		
6	Қорытынды бөлімі мен қосымшаны ғылыми жетекшіге ұсыну		
7	Диссертация жұмысын кафедра талқылауына ұсыну және алдын-ала қорғаудан өткізу		
8	Диссертация жұмысын сын-пікір берушіге ұсыну. Диссертация жұмысты антиплагиат базасында тексеру		
9	Қорғауға шығарылатын материалдарды сипаттайтын слайдтар жасау, баяндама тезистерін жасау		

Тапсырманы беру мерзімі: «_____» _____ 20__ ж

Кафедра меңгерушісі _____ Ж. Нұрсұлтанқызы

Жұмыстың жетекшісі _____

Тапсырманы орындауға қабылдаған магистрант _____

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....

1

1.1

1.2

2

2.1

2.2

Қорытынды.....

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Нормативтік сілтемелер

«Бұл магистрлік диссертацияда келесі нормативтік сілтемелер қолданылды»:

Анықтамалар

«Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды»

Белгілемелер мен қысқартулар

Кіріспе

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Тақырыптың өзектілігі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Зерттеу жұмысының деректік негізі.

Зерттеу жұмысының нысаны.

Зерттеу пәні.

Зерттеу әдістері.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негіздері.

Зерттеу жұмысының қолданбалық маңызы.


Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.

Зерттеу жұмысының құрылымы.

2 Қосымша

СУРЕТТЕР, КЕСТЕЛЕР МЕН ӘДЕБИЕТЕРДІ РӘСІМДЕУ МЫСАЛДАРЫ

1) Суретті рәсімдеу мысалы



I - Лейкоциттер құрамының тәуліктің аяғытқуы. Қисықтардың белгілері: бақылау (1); ісіктің 2-3 өсу күні (2); өсудің 3-7 күні (3); Л - тәуліктің кезеңділік коэффициенті (а); тәуліктің бейімділік көрсеткіші (б): а - бейімделудің болмауы, Б - нашар бейімделу, В - қалыпты бейімделу, Г - күн мен түннің өзгеруіне күшті бейімделу.

1 сурет- Перифериялық қан лейкоциттері құрамының аяғытқуы

2) Кестелерді рәсімдеу мысалы

1 кесте - Лейкоциттік формуланың жеке жасушаларының КСП таралуы

Клетка типтері	Бақылау		ЛСП, 7 күн	
	қыс	жаз	қыс	жаз
Нейтрофилдер	0,93	0,87	0,91	1,09
Эозинофилдер	1,30	2,46	0,75	1,46
Моноциттер	1,07	1,54	0,79	1,14
Лимфоциттер	1,01	1,03	1,04	0,93

3) Пайдаланылган әдебиеттер тізімі (үлгі)

1. Тулегенова Г.С. Биология трансплантированных опухолей. -Алматы: Наука, 2003. - 216с.
2. Ефимов М.Л., Аскарлова Г.С. Суточные биологические ритмы и злокачественный рост//Усп. совр. биологии. - 2003. - Т. 103. -№ 2. - С. 255-270.
3. Пат. 72931 РК. Способ переработки сырья //Иванов МИ., Малдыбаев Н.К.; опубл. 30.03.93, Бюл. №12. - 2 с: ил.
4. А.С. 386018. РК. Способ извлечения металлов//А.Г.Акатаев, Б.И.Петров; опубл 17.05.97, Бюл. №15. -2с: ил.
5. Георгиева Р.С. Изменения в системе свертывания крови у больных злокачественными опухолями//Вопросы экспер. и клин, онкол.: сб. науч. тр. Института онкологии и радиологии.- Алматы, 2004. - С.214-217.
6. Баженов Л.Г., Кулинская Л.Л., Сорочинская И.Н. Сезонные изменения содержания иммуноглобулинов в крови клинически здоровых лиц//Тезисы докл. III Всес. конф. по хронобиол. и хрономед. - Ташкент, 1990.-320 с.
7. Садыков Л.П., Березовская И.В. Сезонные изменения показателей свертывания крови у крыс и кроликов//Институт ветеринарии.–М.,1989. - 210с. - Деп. в ВИНТИ 13.09.89, № 5853 – В.89.
8. Изучение кинетики и химизма процессов: отчет о НИР//ИМиОН АН РК. - Алматы, 1985. - 240с.-Инв. №81047478.
9. Омарова Г.П. Экспериментальная терапия саркомы Т-1 в зависимости от ее митотической активности:автореф. дисс. канд. биол. наук.:04.03.04. -М.:МГУ, 2004. -16 с.
10. Vachaspati T., Videnkin A., Evolution of cosmic nets. // **Phys.Rev.**-2003. – Vol. 46, № 2. - P. 1133-1140.
11. Паустовский К.Г. Золотая роза//Соч.: В 7 т. – М., 1984. - Т. 3. -С.287 - 528.
12. ГОСТ Р 51771 - 2001. Аппаратура радиоэлектронная бытовая. Входные и выходные параметры и типы соединений//Технические требования. - Ввел. 2002-01-01. – М.: Госстандарт России: Изд-во стандартов, 2001. - IV, 27с: ил.
13. Айдосов А.Х. Основной закон: богатый диапазон действия// Кызылординские вести. - 2005. - 11 августа. - С.2.

**Ғылыми жетекшінің (кеңесшінің)
ПІКІРІ**

_____ білім беру бағдарламасы
(білім бағдарламасының атауы)
бойынша білім алушы _____
(магистранттың Т.Е.Ә.)
ғылым магистрі/магистр дәрежесіне ізденуге ұсынылған
« _____
(диссертация атауы)
_____»
диссертациялық жұмысына

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі
2. Нәтижелердің негізделуі және шынайылық деңгейі
3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы
4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер
5. Диссертацияның ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын талаптарға сәйкестігі.
6. Диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну (немесе бас тарту)

Ғылыми жетекші, кеңесші:

(жұмыс орны)

(қолы)

(ғылыми дәрежесі, атағы Т.Е.Ә.)

**Ресми рецензенттің
ПІКІРІ**

_____ білім беру (білім
бағдарламасының атауы)
Бағдарламасы бойынша білім алушы _____
(магистранттың Т.Е.Ә.)
ғылым магистрі/магистр дәрежесіне ізденуге ұсынылған
« _____
(диссертация атауы)
_____»
диссертациялық жұмысына

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (ғылым мен техниканың дамуы және практика сұраныстарына).
2. «Магистр» (немесе ғылым магистрі) дәрежесіне ізденуге арналған ғылыми біліктілік жұмысқа белгіленген талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері.
3. Диссертацияда түзілген магистранттың әрбір нәтижесінің (ғылыми ережесінің), тұжырымдары мен қорытындысының негізделу және шынайылық деңгейі.
4. Диссертацияның әрбір нәтижесінің (ережесінің), тұжырымы қорытындысының жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағасы.
6. Алынған нәтижелердің өзекті проблемаларды, теориялық және/немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталуы.
7. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысының жариялануын дәлелдеу.
8. Рефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.
9. Диссертацияның мазмұны мен ресімделуіндегі кемшіліктер.
10. Диссертацияның өз бетінше жасалатын ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Рецензент:

_____ (жұмыс орны)

_____ (қолы)

_____ (ғылыми дәрежесі, атағы Т.Е.Ә.)

«_____»_____2024ж.

Қойылған қолды куәландырамын: _____
(т.е.ә., қолы, мөр)

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы



А.К.Мырзанова

Білім беру және пелагогика
жоғары мектебінің деканы



Д.Ж.Серкебаев

Бизнес, техника және технология
жоғары мектебінің деканы



М.А.Ембергенов

Құрастырған:
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің басшысы



А.Т.Еспенбетова

